

Қазақ тілі қажет тілге айналатын кез келді



2-БЕТ

Отандық кәсіпкерлер - мемлекет тірегі



4-БЕТ

«Бабау» байланысқа шықты



8-БЕТ



• СҰХБАТ

Айтолқын ЖҮЗБАЕВА, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының «Психикалық сауықтыру орталығының» нарколог-дәрігері:

«АЛКОГОЛЬГЕ ТӘУЕЛДІ ӘЙЕЛДЕРДІ ЕМДЕУ ҚИЫН»

Ішімдікке тәуелділік – ауру. Бұл дерт туралы толық ақпарат алу үшін Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының «Психикалық сауықтыру орталығының» нарколог-дәрігері Айтолқын Абдыбақытқызымен сұхбаттасқан едік.

– Айтолқын Абдыбақытқызы, жақындарымыздың алкогольге тәуелді екенін қалай байқауға болады? Әр отырыста ащы судан «ауыз тигендерді» ішімдікке әуес дей аламыз ба?

– Алкогольге тәуелді деп айту үшін міндетті түрде дәрігердің қабылдауынан немесе қаралуынан өту керек. Оның үш сатысы болады. Ең бірінші сатысы – толеранттықтың артуы. Емделушілер «менің жұмысым, отбасым бар, бала-шағамды бағып жатырмын, ішіп алып, көшеде жатқан жоқпын» деп өзін-өзі ақтап келеді. Тәуелділіктің негізгі белгілерін атап айтсақ – алғашқы уақытта ащы судың қатты әсер етпеуі, уақыт өте келе адамның белсенді болып, көңіл көтеріп, көбірек ішуге талпынуы. Ағзаның сол мөлшерге тез үйреніп қалуы және кейінірек белгілі бір мөлшерден тыс алкогольді талап етуі. Егер алкогольді өзіндік «нормасынан» артық ішкен жағдайда, адамның ағзасы улана бастайды, әрі құсу рефлексі пайда болады. Бұл белгі алкогольді қабылдауды дереу тоқтату керек дегенді білдіреді. Құсу – ағзаның қорғану реакциясы. Алғашқы маскүнемдіктің белгілері осылай басталады. Айта кетсем, бірінші сатыдағы адамдар аптаның төрт күнінде жұмыс істеп, ал демалыс күндерін алкогольсіз өткізбейді. Мұндай жағдай толеранттықтың артуына әкеледі.

– Маскүнемдікке қатты беріліп кеткен адамдар отбасының шырынын бұзып, жақындарының жанын жаралайтыны белгілі.

– Иә, ішімдікке тым жақын болған сайын ұят дегенді ұмытады, отбасы алдындағы жауаптылығын мүлде сезінбейді.

(Соңы 5-бетте)

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№54 (3683)
19 шілде 2024



Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КҮДІКТІНІҢ БӘРІН ҚАМАЙ БЕРУ ҚАТЕ



Тергеу сотының қызметіне қатысты теріс пікір айтатындар аз емес. Әсіресе, адвокаттар қауымы қоғамға зияны жоқ, өз қателігін мойындаған күдіктілерді қамауға алғаннан гөрі, үйқамақта ұстау әлдеқайда тиімді екенін айтып, мәселеге жұртшылық назарын аударуға тырысып-ақ жүр.

(Соңы 2-бетте)

• АҚ ПЕН ҚАРА

ҚЫЗМЕТКЕРДЕН КЕТКЕН КЕМШІЛІК ТҮЗЕЛДІ

Жуырда Алматы қаласы Түрксіб ауданының тұрғыны Ирина Цыганкова конституциялық құқығының өрескел бұзылып отырғанын айтып, көмек сұраған еді. Журналистік зерттеу жасау мақсатында аталған азаматша тұратын Алматы қаласы Таиров көшесіндегі үйге бардық. Бұралаңы көп тар көшелерден өтіп тірелген қақпаның оң қанатында іркес-тіркес салынған бір және екі қабатты тұрғын үйлер сықасып тұр. Ал сол қанатындағы терең сай табанында кішігірім өзен ағып жатыр. Қарсы беттегі жыңғылдан ары тегістеле қос қабатты үй бой көтеріпті.

– Бұл үйді осыдан алпыс екі жыл бұрын әкем салып, маған мұраға қалдырған еді. Сол кездің өзінде осы үй-жайға техникалық қызмет көрсету мақсатында мемлекет маған пайдалануға жер учаскесін тегін беріп отырды. Кейіннен мемлекет жер учаскесін маған жалға бес жыл мерзімге беретін болды. Заңнама талабын бұлжытпай орындап, тіршілігімізді жалғастыра бердік. Сонымен қатар, 1996 жылы менің осы жерге орналасқан тұрғын үй-жайыма жаңадан техникалық паспорт берілді. 2011 жылы маған қайтадан

жалпы аумағы 0,0851 гектар жерге орналасқан тұрғын үй, қора-жайыма жаңадан техникалық паспорт берілді. Осы екі құжатта да менің тұрғын үй-жайым толығымен, маған жалға берілген жер учаскесінің шекарасында орналасқаны көрсетілген. Соңғы рет маған жер учаскесі 2021 жылы бес жыл мерзімге жалға берілді. Жерді беруін берді, бірақ берген жер телімінің картадағы сызбасын өзгертіп жіберіпті. Яғни, маған берген карта сызбасында жер телімінің шекарасына, менің қосалқы құрылыстарым (қоралар, сарайлар) мүлде



кірмей қалыпты. Ол ол ма, алпыс жылдан бері тұрып жатқан баспанамның бір қабырғасы маман сызбасының сыртында қалыпты. Сонда қос қабатты тұрғын үйімнің бір қабырғасы және тұрғын үйіме кіретін қақпа жер телімі шекарасынан сырт қалған. Осы жағдайға тап болған соң, заңгердің көмегіне жүгіндім, – деп Ирина Цыганкова шарасыздық танытқан еді.

«Ирина Цыганковаға берілген жер телімінің сызбалары қате көрсетіліп, жер телімі шекарасы бұрмаланғандықтан, оның жер телімін пайдаланушы ретіндегі құқығы өрескел бұзылды. Яғни, Цыганкованың жеке меншігіндегі қосалқы құрылыстар (ПО, III – қора; ПО, IV – қора; ПО, Г1 – сарай; ПО, Г4 – сарай) толық, ал жекеменшік тұрғын үйі ішінара, оған берілген жер телімі шекарасының сыртында қалған. Қате жазылған.

Жер кадастры картасы мен базаға енгізілген мәліметтерді негізге алатын болсақ, оның өз үйіне кіруге ешқандай мүмкіншілік жоқ. Себебі, 1962 жылдан бері және қазіргі уақытқа дейін оның үйіне кіретін есік және жалпы үй-жайға кіріп-шығатын қақпа, оған берілген жер телімі шекарасынан тыс, яғни сыртта қалған. Ирина Цыганкованың Ата Заңымызбен қорғалған құқықтары мен бостандықтары бұзылған. Конституцияның 6-бабының 1-бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жекеменшік танылады және бірдей қорғалады. Конституцияның 25-бабының 2-бөлігіне сәйкес,

Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Ата Заңның 26-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады деп анық жазылған.

Сонымен қатар, ҚР Президенттің 22.12.1995 жылы қабылдаған Жер туралы Жарлығының 18-бабында, 24.01.2001 жылы қабылдаған «Жер туралы» заңнаманың 37-бабында, 20.06.2003 жылы қабылдаған Жер кодексінің 52-бабында «...үйге (құрылысқа, ғимаратқа) меншік құқығы көрсетілген үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан жер учаскесіне заңнамада белгіленген тәртіппен меншік құқығы беріледі.

(Соңы 5-бетте)

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда немесе залал туралы есептен және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақшалық қаражаттың қозғалысын барлық елеулі қатынастарда анық көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз, көрсетілген стандарттарға сәйкес, бұдан әрі қорытындымыздың «аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде ашылады. Біз бухгалтерлер үшін халықаралық Этика стандарттары жөніндегі Кеңестің (бұдан әрі – «БХЭСК кодексі») кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсіздік және біз осы БХЭСК кодексіне және талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін,

Қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік жасағаны үшін, басшылық Компанияны таратуды көздейтін жағдайларды қоспағанда, оның қызметін тоқтату немесе оның қызметін жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты баламасы болмаған кезде жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз-қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару. Ақылға қонымды сенімділік – бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ХАА-ға сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтынына кепілдік емес. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАА-ға сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмалануды анықтамау қауіп қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қауіпінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналдыру әту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау жүйесін түсінеміз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;

біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз, нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән туындауы мүмкін. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынылатынын бағалауды жүргіземіз.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде біз аудит процесінде анықталған ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Ержан Досымбеков
Жоба бойынша серіктес / «Grant Thornton» ЖШС
Бас директоры

Мемлекеттік лицензиясы №18015053 2018 жылғы 3 тамыздағы берілген
2024 жылғы 29 мамыр

Құпиялы
Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларына
3-қосымша

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп "Сентрас Иншуранс" СК" АҚ 01.01.2024 жыл жағдайына

(мың теңгеде)

Баптардың атауы	01.01.2024	01.01.2023
1	2	3
Салық салуға дейінгі пайда (залал)	2 865 465	773 751
Түзетулер:	352 125	-1 134 309
- амортизациялық аударымдар және тозу	103 403	162 430
күмәнді борыштар бойынша резервтер бойынша шығыстар	76 798	210 471
қаржы активінің құнының өзгеруінен іске асырыл-маған кірістер мен шығыстар	335 155	-16 229
ақшалы емес баптарға өзге де түзетулер	-163 231	-1 490 981
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс (шығыс)	3 217 590	-360 558
Операциялық активтердің ұлғаюу/азаяуы (Ұлғайту) сатуға арналған және сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздарды азайту (Ұлғайту) қайта сақтандыру активтерінің азаюы (Ұлғайту) Басқа дебиторлық берешектің азаюы	1 438 768	-7 215 069
Болашақ кезеңдердің шығындарын ұлғайту/азайту (Ұлғайту) басқа активтердің азаюы	1 320 542	-5 295 127
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюу/азаяуы (Азайту) сақтандыру шарттары бойынша міндет-темелерді ұлғайту	102 886	-1 756 074
Төмендету) сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюуы	24 349	-47 355
Басқа кредиторлық берешектің ұлғаюуы (азаяуы)	-10 290	2 492
РЕПОоперациясының ұлғаюуы (азаяуы)	1 281	-119 005
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюу/азаяуы	-4 566 099	9 841 303
Басқа міндеттемелерді ұлғайту (азайту)	-2 131 397	9 585 731
Операциялық қызметтен табыс салығын төлеуге дейінгі таза ақша ағындары	64 650	45 020
Төленген корпоративтік табыс салығы	30 731	-7 883
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты-ның жиыны	-2 621 122	116 883
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	91 039	101 552
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу/ сату	-3 127 331	2 626 234
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	17 686	-25 826
Дивидендтер төлеу	-3 145 017	2 652 060
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары	-104 111	-21 850
Есепті кезеңдегі ақшаның таза ұлғаюуы немесе азаюуы жиыны	121	49
1 қаңтардағы ақша мен ақша баламаларының қалдығы	-103 990	-21 801
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражат-тары және олардың баламалары	0	-2 000 000
	0	-2 000 000
	-31 417	269 701
	678 789	409 088
	647 372	678 789

Басқарма төрағасы
Бас бухгалтер

Турысбеков Б.А.
Кузнецова Е.Г.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп "Сентрас Иншуранс" СК" АҚ 01.01.2024 жыл жағдайына

(мың теңгеде)

Баптың атауы	Жар-ғылық капитал	"Өзге ре-зервтер"	"Бөлін-беген пайда (шығын)"	Барлығы капитал
1	2			
01.01.2023	1 325 750	360 766	5 850 833	7 537 349
Есеп саясатындағы өзгеріс-тер және қателерді түзету	0	202 089	-1 576 149	-1 374 060
Есепті кезеңнің басындағы қайта есептелген сальдо	1 325 750	562 855	4 274 684	6 163 289
Сату үшін қолда бар Бағалы қағаздар құнының өзгеруі	0	335 155	0	335 155
Басқа операциялар	0	-21 815	0	-21 815
Басқа жиынтық табыс	0	313 340	0	313 340
Кезең ішіндегі пайда (залал)	0	0	2 847 779	2 847 779
Кезең ішіндегі жалпы жиын-тық кіріс/шығын	0	313 340	2 847 779	3 161 119
01.01.2024	1 325 750	876 195	7 122 463	9 324 408

Басқарма төрағасы
Бас бухгалтер

Турысбеков Б.А.
Кузнецова Е.Г.

Пайда мен залал туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп "Сентрас Иншуранс" СК" АҚ 01.01.2024 жыл жағдайына

(мың теңгеде)

Баптардың атауы	01.01.2024	01.01.2023
1	2	3
Сақтандыру қызметінен түсетін кірістер	27 742 643	15 835 213
Сақтандыру кірісі	26 541 323	12 282 404
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер	1 201 320	718 586
Сақтандыру қызметінен түсетін басқа да кірістер	0	2 834 223
Инвестициялық қызметтен түсетін кірістер	2 389 228	1 009 080
Сыйақы алуға байланысты кірістер	2 025 733	1 200 281
Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон және (немесе) дисконт) түріндегі кірістер	2 025 733	1 200 281
Қаржы активтерімен операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто)	-776 575	-1 411 253
бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто)	-106 616	-749 874
операциялардан түсетін кірістер (шығыстар) <<РЕПО>> (нетто)	-669 959	-661 379
Қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто)	404 023	898 004
өзгерістері пайда немесе залал (нетто) құрамын-да көрсетілген әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түсетін кірістер (шығыстар)	491 563	723 222

Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто)	-87 540	174 782
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан түсетін кірістер	738 436	322 267
Инвестициялық қызметтен түсетін өзге де кірістер	-2 389	-219
Өзге қызметтен түсетін кірістер	26 645	32 333
Активтерді сатудан және активтерді алудан (бе-руден) түсетін кірістер (шығыстар)	18 378	32 333
Өзге қызметтен түсетін өзге де кірістер	8 267	0
Кірістердің жиыны	30 158 516	16 876 626
Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	7 573 107	7 469 699
Қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар	44 486	148 011
Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойын-ша шығыстарды өтеу	2 038 456	2 121 054
Регрессиялық талап бойынша өтемақы (нетто)	710 734	283 743
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	4 868 403	5 212 913
Сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстар	38 575	55 255
Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалаудың аморти-зациясы бойынша шығыстар	14 201 013	6 383 191
Аквизикалық шығындар	4 623 433	3 211 722
Сақтандыру қызметіне байланысты шығыстар	1 457 186	998 243
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	3 617	39 321
бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар	3 617	39 321
"Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар"	1 651	14 497
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған шығыстар	76 798	210 471
Жалпы және әкімшілік шығыстар	2 022 375	1 252 885
- еңбекақы және іссапар шығындары	1 212 984	759 258
корпоративтік табыс салығын қоспағанда, ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	96 794	56 947
ағымдағы жалдау шығындары	85 917	29 162
жарнама шығындары	64 102	429
үшінші тұлғалардың қызметтері	104 671	54 068
аудиторлық, консультанциялық қызметтерге және ақпараттық шығыстарға арналған шығыстар	80 694	38 377
Амортизациялық аударымдар	103 403	162 430
Басқа шығындар	0	397 686
Шығыстар жиыны	27 293 051	17 776 184
Кезең ішіндегі пайда (залал)	2 865 465	-899 558
Салыққа дейінгі таза пайда / таза шығын	2 865 465	-899 558
Корпоративтік табыс салығы	17 686	-25 826
негізгі қызметтен	16 272	-29 026
өзге қызметтен	1 414	3 200
Табыс салығы бойынша шығыстар	17 686	-25 826
Таза пайда / таза шығын	2 847 779	-873 732

Басқарма төрағасы
Бас бухгалтер

Турысбеков Б.А.
Кузнецова Е.Г.

1-қосымша

Бухгалтерлік баланс "Сентрас Иншуранс" СК" АҚ 01.01.2024 жыл жағдайына

(мың теңгеде)

Баптың атауы	01.01.2024	01.01.2023
1	2	3
Қолма-қол ақша және ақша қаражаттарының баламалары	647 372	678 789
Сатуға арналған қолда бар Бағалы қағаздар (құн-сыздануға арналған резервтерді шегергенде)	21 942 589	23 263 131
Сақтандыру (қайта сақтандыру)активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау	3 638 698	3 741 584
Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға ар-налған резервтерді шегергенде)	65 807	90 156
Болашақ кезеңдердің шығындары	21 222	10 932
Ағымдағы салық активі	249 349	238 967
Кейінге қалдырылған салық активі	133 511	95 498
Қорлар	37 739	36 196
Негізгі құралдар (амортизацияны және құнсыздан-удан болған шығындарды шегергенде)	197 463	130 960
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амор-тизацияны және құнсызданудан болған шығын-дарды шегергенде)	0	45 694
Материалдық емес активтер	55 859	57 157
Басқа активтер	3 089	8 614
Барлық активтер	26 992 698	28 397 678
Сақтандыру өтемінің қалған бөлігі бойынша мін-деттемелер, оның ішінде:	7 773 522	9 310 627
Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау	7 773 522	9 310 627
Пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер	5 526 070	6 120 362
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	138 684	74 034
Басқа кредиторлық берешек	76 361	45 630
Жалдау бойынша міндеттемелер	0	52 456
РЕПО операциялары	3 465 853	6 086 975
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да мін-детті төлемдер бойынша есеп айырысулар	154 406	108 862
Басқа міндеттемелер	533 394	435 443
Барлық міндеттемелер	17 668 290	22 234 389
Жарғылық капитал (құрылтайшылардың жарна-лары)	1 325 750	1 325 750
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві	695 921	360 766
Басқа резервтер	180 274	202 089
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын):	7 122 463	4 274 684
алдыңғы жылдар	4 274 684	5 148 416
есепті кезең	2 847 779	-873 732
Барлық капитал	9 324 408	6 163 289
Барлық міндеттемелер және капитал	26 992 698	28 397 678

Басқарма төрағасы
Бас бухгалтер

Турысбеков Б.А.
Кузнецова Е.Г.

БАЙКАУҒА!

(Соңы. Басы №53 санды)

– Ақша қайда?
– Оны Сәрсенбек біледі.
– Ол енді еш нәрсені де білмейді.
Жаңыңның барында теңгені тыққан жерді көрсет.
– Бізде ешқандай теңге болған емес.
– Біз саған сене қалады екенбіз.
Күйеуің базарға жылқы апарып, сатып жүр ғой. Солардың теңгесі қайда?
– Сәрсенбек үйге теңге әкелмейді. Мүмкін банкке салған шығар.
– Өтірік айтпа, бәрібір біз теңгені табымыз. Қане, теңгені тыққан жерді көрсет, – деп әбжылайды жалаңданды біреуі Айшаның қасына жетіп келді.
Оның қолында өткір кездік бар еді. Ол Айшаның құлағын бұрап кездікпен тіліп жіберді. Қан сау ете қалды. Айша құлағын ұстап ойбайлап отырып қалды.
Сегіз қарақшы үйдің астан-кестенін шығарды. Тек алпыс мың теңге ғана тапты. Сосын Айшаның ұялы телефонын тартып алды.
Таң себегілеп атып қалған еді. Жұрттың жаппай оянаптынан қорыққан түн жамылған қорқаулар көліктеріне отырып, қараларын батырды. Алайда далада жайрап жатқан үй иесін көріп, үрейлері ұшты. Үйдегілер бір-бірінің қолдарын шешіп, көршілерден көмек сұрады. Сәрсенбек Қарабұлақ ауруханасында өзіне-өзі келе алмаған қалпы көз жұмды. Екі ұл жарақат бөліміне жатқызылды.
Жантүршіктіретерлік жауыздықты естіген жұрт жағаларын ұстады.

Криминалды бөлімше бастығы Алтынбек Әмірбеков күдіктімен бетпе-бет отыр.
– Сонымен, кешегі айтқандарыңызға қосып-аларыңыз бар ма?
– Жоқ.
– Солай-ақ болсын. Ендеше Жетісайдағы Жолбарыстың үйінен қанша доллар алып қайттындар?
– Елу мың доллардай болар.
– Қалайша елу мың?
– Өйткені шеф бізге алты жүз-сегіз жүз мың теңгеден бөліп берді ғой.
– Ералы үйден жүз мың доллар алып шықтым деп отыр.
– Қалайша?
– Сен түк те білмейді екенсің ғой. Жолбарыс та үйден жүз мың доллар әкелті деп отыр.
– Маған тигені алты жүз мың теңге ғана.
– Ендеше, мына жерге қолыңды қой. Енді бара бер.
Тергеуші келесі күдіктіні шақырды. Оның түнерген түріне, мың құбылған қабағына қарап «Шайтан» десе шайтан екен-ау» деп бір қойды.
– Ал, сөйле, «Шайтан».
– Не айтамын?
– Жетісай қаласына барып Жолбарысты қалай тонағандарыңды айт. Сен өзі Мақтааралда тұрады екенсің. Жолбарыстың үйін сен көрсетті деп отыр ғой. Сені

бекер-ақ «Шайтан» дейді екен. Шайтан деген бәрін біліп жүрмес пе? Ал, сен дымбілмессің.
– Қалай?
– Сендер үйден жүз мың доллар әкелгенсіңдер. Қолыңа тигені болмашы ғана теңге.
– Бәлкім, қаржыны Ералы тыққан шығар. Қапты сол ұстап отыр еді.
– Міне, бұл қисынға келеді. Мына жерге қолыңды қой да, камерана қайта бер, – деді тергеуші.
Өз жауабының дұрыстығына көзі

– Сонда да...
– Шамамен қырық-елу мың доллар.
– Оны кім айтты саған?
– Ералының өзі айтқан. Ұсталғанға дейін ол «Лексу-ES-330» көлігін мініп жүрді емес пе? Міне, тықкыштаған қаржыға сол көлікті алған.
– Мұны сізге кім айтты?
– Өзі айтты.
– Қап, ертерек білгенімде ғой.
Ертесіне тергеуші алдында Дәулет отырды. Былай қарағанда тәп-тәуір-ақ адам тәрізді. Спортпен шұғылданғаны көрініп тұр. Өзінің бұрынғы әріптесі. Енді күдікті. Тұтқында отыр.
– Сен Ералыға Жолбарыстың үйінде қанша доллар бар деп едің?

шамасы еді. Бұлар Қарамұрт ауылындағы Бахадүрдің үйіне қарай беттеді. Бүгін бес қарақшы желжалы оралуы тиіс. Өйткені оларға жеткен хабар бойынша Бахадүр бақуатты жігіт. Саудамен айналысады. Үйлерінде теңге болмауы мүмкін емес.
Олар сыртқы шарбақтың есігін өздері білетін әдіспен оңай ашты. Итті де оңай «жуасытты». Сосын үйге кірді. Бұл кезде сағат түнгі үштердің шамасы еді. Шырт ұйқыда жатқан үйдегілер шошып ояны. Үй ішіндегілерді келгендер түгел байлап тастады. Отағасын ұрып-соқты.
– Бахадүр, мына басыздарға барыңды бере салшы. Дүние табылар. Жаңымыз аман қалса болғаны, – деп келіншегі шырылдады.

– Олар қайда екен?
– Қазір бір сағаттан соң олар «Қайтпас-1» шағынауданындағы құрылыс базарына барады. Ералы да сонда бармақ.
– Тез шұғыл топты, «Бүркіт» арнайы жасағын дайындаңдар.
– Құп болады, полковник мырза.
Кенже Ондасынов кителін жүре киіп, сыртқа беттеді.

Облыстық ішкі істер департаменті тергеу басқармасының тергеушілері Сайрам ауданын дүрліктіріп, Жетісайға дейін жорық жасаған «жыртқыштарды» асықпай тергеді.
Тергеушінің алдына мұрты енді тебіндеп келе жатқан жап-жас күдікті келіп отырды. Жасы әлі жиырмаға жетіп үлгермеген.
– Сонымен, «Сталин» дегендерің кім?
– Ол – Темірбек.
– Ал, «Шайтан» ше?
– Ол – мақтааралдық Нұрбек қой.
– Қазанның екісінен үшіне қараған түні Көлкент ауылындағы қарақшылық шабуылға сен де қатыстың ғой?
– Иә.
– Отағасы Сапарбекті сен атыпсың ғой?
– Оны кім айтты сізге?
– Достарың.
– Өтірік айтасыз. Оны атқан «Бабай».
– «Бабайдың» қасында «Сталин» де болды ма?
– Иә, бәріміз де болдық қой.
– Ешкімді де атпаймыз деп сертескендерің қане?
Күдікті бір нүктеге қалдып отырып қалды.
Қылмыстың басты ұйымдастырушысы, қандай қаныпезерлікке барғандары, қаншама қарақшылық шабуыл жасағандары белгілі бола бастаған еді.

Ералы құрған топқа қарасаңыз, сол «Сары Алмастың» кейбір жүрістері аңғарылатын сияқты. Бір ерекшелігі, бұл «сарыуыз» балапандарды қылмыс әлеміне баулыған. Шымкентте де елді шулатқандар болды. «Тайсон», «Бүйрабас» сияқтылардың кезінде дәурені жүрді. Қарақшылардың жолын кеспегенде, кім білсін, бұлар да қасырға айналып үлгерме еді? Бөлтүрік кездерінде бұғалықталғандары қандай дұрыс болған десеңізші. Өйтпесе, анау «Сталин», «Бабай» және «Шайтандарың» әлі қанша адамды шошытты еді? Олардың алды – 16, соңы 10 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылды. Бұлар оннан астам адам еді. «Бабайдың» үйін тінткенде, бес шолақ мылтық, алты бетперде, бірнеше оқ табылды.
«Енді министрлік пен департамент басшысына баяндауға болады» деп ойлаған Кенже Ондасынов иығынан ауыр жүк түскендей күрсінді.
Кабинет іші шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық құшағында. Ал сыртта долдана ұйытқып жойқын жел соғып тұр. Тал-теректердің соңғы жапырақтары қалтырай ұшып жер бетіне қонып жатыр...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

«БАБАЙ» БАЙЛАНЫСҚА ШЫҚТЫ



жеткен «Шайтан» қағазға шыр- шықтап қол қойды да, айдауылдың алдына түсті. «Шайтаннан» соң тергеуші алдында «Сталин» отырды. 1993 жылы туылған жап-жас жігіт. Мұның да қабағы түксіңкі. Адамға ішіп-жеп қоятындай сұрлана қарайды. Көздері қанталпа тұр.
– Дәулет бізге үйге кірудің барлық жобасын сызып берген. Жолбарыстың үйін жаңылмай таптық. Қараңғыда кіріп бардық.
– Содан?
– Жолбарыстың жалы күдрейіп кетті. «Сендер кімсіңдер өзі? Мені таңымай-сыңдар ма, немене? Мен осы Жетісайдың «отвечающиймін» деді. «Қателесіп келіп тұрсыңдар, табандарыңды жалтыратыңдар» деп жұлқынды. Оның мұнысы бізге ұнаған жоқ. Жабыла кеттік.
– Үйден қанша доллар алып шықтыңдар?
– Оны Ералы біледі.

– Менің білуімше, жүз мың болуы керек еді.
– Ал, әкелгенде ше?
– Онда әлдеқайда аз. Жартысы ғана.
– Жолай Ералы доллардың жартысын орындықтың астына тыққан. Ал, Шымкенте келіп түскенде сендер оны байқамадыңдар.
Күдікті қабырғаны қақыратар салмақпен соққылады. Долданып, әлдекімдерді боктап жіберді.
– Конвой! Тұтқынды алып кетіңіз.

Түн түндігін жайылып, айналаны қою қараңғылық тұмшалады. Күздің екінші айы еді. Кешегі өткініш жауыннан кейін ауада дымқыл сыз табы бар. Жол үстін сарғайған жапырақ жапқан. Аяқтың дыбысын білдірмей жүруге осы сыздың да көмегі бар сынайлы.
Күні бойы тығылып жатқандар көше-ше шықты. Бұл кезде түнгі сағат 02:00-дер

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

- 2. «Хақихат Имандылық-Қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры (ЖСН 110440011071) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай ауылы, Түркістан көшесі, 68 үй, пошта индексі 040700.
3. «ПКФ «Турар» ЖШС, БСН 021240005172, өзінің таратылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Шұғылда м.к.ш.ауд., 20 үй, 59 кенсе.
4. «Шиелі – Береке – Агро» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 170640031571, өзінің таратылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Мұхан Бөлкекеуілы көшесі, 16А үй.
5. «Khalif Foundation» жеке қоры (БСН 211040001427) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280 үй, н.п.3, тел. 87019303366.
6. «Ақ кете Құттығай батыр» атындағы қоғамдық қоры, БСН 210940041627, өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Алтын орда шағын ауданы, 11Е үй, 99 пәтер. Тел. 87058394942.
7. «Youart» ЖШС (БСН 230340030653) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050020, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз Жібек көшесі, 81 үй, тел. 87783808083.
14. Мекеме Адвокаттық кеңсе «Aitkaliyeva&PartnersLawyers» (БСН 141040011471) (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сары-Арқа даңғылы үй 31/2 ВП-8), өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Е15 көшесі, 3 үй, ВП31 кенсе. Тел. 87012049996.
15. «Мойылды АӨК» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230440035787) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Ақсайық ауданы, Мойылды ауылы, Қазақстан көшесі, 1 үй.
16. «Айлана-2015» ЖШС (БСН 170240012073) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай

мерзім ішінде мына мекен жайда қабылданады: Алматы облысы, Саймасай ауылы, Абай көшесі, 16 үй.

17. Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БСН 990340002467) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Герцена көшесі, 24-үй, тел. 8 775 532 57 21.

18. «Ассер ломбард» ЖШС (БСН 110640017662) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Бұқар жырау көшесі, 36А үй, 163 пәтер.

19. «Шынасыл - М» ЖШС (БСН 210440012219) өзінің таратылатынын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жүйнек а/о, Шекербұлақ ауылы, Балантас көшесі, 9 үй, пошта индексі 161200.

МҰРАҒЕРЛІК

8. 25.05.2024 жылы қайтыс болған аз. Мұрағалиев Орынғалидың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 28 үй, 2-КБ, тел. 87024675855, нотариус З.Н. Күшекбаеваға хабарласуға болады.

9. 2024 жылдың 2 қаңтарында қайтыс болған Қалжанов Мұхан Камалұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

ӘРТҮРЛІ

10. «НИМЭКС-ТРАНС» ЖШС-нің жалғыз қатысушысының шешімі бойынша «НТ-Билдинг» ЖШС қосу арқылы қайта құру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «НИМЭКС-ТРАНС» және «НТ-Билдинг» бөлу балансы мен өткізу актісі бекітілді.

Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Өл-Фараби ауданы, Сауле шағын ауданы, Зерде көшесі, 45.

11. «Спутник» акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы, БСН 041240002895, «Спутник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылғандығы туралы хабарлайды. «Спутник» акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері «Спутник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Мамыр шағын ауданы - 1, 8А, «Спутник» сауда орталығы әкімшілігінің келісімі мекенжайы бойынша қабылданады.

12. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 289/НҚ бұйрығымен бекітілген Субсидиялар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөнінде конкурс өткізу қағидалары және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету бойынша 2024 жылға әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөнінде ашық конкурс өткізетінін хабарлайды.

Конкурсның өтінімдерді ұсыну мерзімі осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайды.

Конкурсның құжаттама пакетін келесі мекенжайдан алуға болады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/5, С-2.4 блогы.

Сондай-ақ конкурстық құжаттама және конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі (www.mdai.gov.kz) министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Әлеуетті өнім берушілер конкурса қатысуға өтінімдерді желімделген конверттерге салып, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі 2024 жылғы 22 шілдеден бастап 20 тамызға 18-30 сағатқа дейін келесі мекенжайға ұсынады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55 /5, С-2.4 блогы.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 21 тамызда 11-00 сағатта келесі мекенжайда ашылатын болады: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55/5, С-2.4 блогы.

Қосымша ақпараттарды келесі телефон арқылы алуға болады: 8 (7172) 64 95 10.

АВТОҒАЛТИ

13. «Хақихат Имандылық-Қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры (ЖСН 110440011071) осы құжаттардың жоғалғанын хабарлайды: жарғы, шешім, мөр.
Телефон: 87478037238.